

**Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 185 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 желтоқсанда № 4329 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 65 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 28.02.2014 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т.Т. Карбозовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

КЕЛІСІЛДІ:

Амангелді аудандық  
мәслихатының хатшысы

\_\_\_\_\_ Ә. Саматов

"Амангелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ М. Сакетов

**Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі**

**1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:**

1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

**2. Білім беру мамандарының лауазымдары:**

1) мектеп директоры;

2) директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

3) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

4) директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары;

5) әлеуметтік педагог;

6) педагог-психолог;

7) қосымша білім беру педагогы;

8) аға тәрбиеші, тәрбиеші;

9) музыкалық жетекші;

10) аға жетекші, жетекші;

11) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;

12) ЭЕҚ жөніндегі нұсқаушы;

13) аға әдістемеші, әдістемеші;

14) өндірістік оқыту шебері;

15) аға шебер;

16) медициналық бике;

17) емдәм бикесі;

18) кітапханашы;

19) логопед;

20) суретші;

21) мектепке дейінгі ұйымдардағы ағылшын және орыс тілдері пәнінің мұғалімдері;

22) көркемдік жетекші;

23) интернат меңгерушісі;

- 24) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;  
25) мектептегі барлық мамандықтар бойынша мұғалімдер;  
26) мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі.

**3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:**

- 1) ұйымның басшысы;  
2) мәдени ұйымдастырушы;  
3) бірыңғай қор қоймасының меңгерушісі;  
4) суретші;  
5) кітапханашы;  
6) бөлім меңгерушісі;  
7) әртіс;  
8) режиссер;  
9) редактор;  
10) әдістемеші;  
11) әкімші;  
12) дирижер;  
13) нұсқаушы;  
14) әнші;  
15) библиограф;  
16) көркемдік жетекші;  
17) ұйым басшысының орынбасары;  
18) хореограф;  
19) дыбыс операторы.